

**2010 жылға облыстың тұншығу қаупі бар су айдындарында жаппай ауыру, дүлей зілзала кезінде және басқа себептер салдарынан қырылу қаупі төнген жағдайларда жануарларға көмек көрсетудің кейбір мәселелері туралы**

Атырау облысы әкімдігінің 2010 жылғы 18 қарашадағы N 296 қаулысы. Атырау облыстық Әділет департаментінде 2010 жылғы 30 желтоқсанда N 2580 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі № 593 "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Заңының 1, 10, 21, 34-баптарына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 31 желтоқсандағы № 1456 "Қазақстан Республикасында балық шаруашылығын жүргізу Ережесін бекіту туралы" қаулысына сәйкес облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берілген 2010 жылға облыстың тұншығу қаупі бар су айдындарында жаппай ауыру, дүлей зілзала кезінде және басқа себептер салдарынан қырылу қаупі төнген жағдайларда жануарларға көмек көрсету бойынша облыстың тұншығу қаупі бар су айдындарының (учаскелерінің) және балық шаруашылығының жауапты субъектілерінің (келісім бойынша) тізбесі бекітілсін.

2. Жайық-Каспий облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясына ( к е л і с і м б о й ы н ш а ) :

1) Атырау облыстық аумақтық орман және аңшылық шаруашылығы инспекциясымен (келісім бойынша) бірлесе отырып, облыстың тұншығу қаупі бар су айдындарында жаппай ауыру, дүлей зілзала кезінде және басқа себептер салдарынан қырылу қаупі төнген жағдайларда жануарларға көмек көрсету бойынша іс-шаралардың т і з б е с і н б е л г і л е у ;

2) тұншығу қаупін болдырмау үшін орындалу мерзімдерін көрсетіп, су объектілері балық шаруашылығы мелиорациясының іс-шаралар тізбесін белгілеу;

3) 2010 жылға облыстың тұншығу қаупі бар су айдындарында жаппай ауыру, дүлей зілзала кезінде және басқа себептер салдарынан қырылу қаупі төнген жағдайларда жануарларға көмек көрсету бойынша балық шаруашылығының жауапты субъектілерімен келісім-шарттар жасасу;

4) балықтардың сөзсіз қырылуына әкеп соғатын қырылу қаупі туындаған және су объектілерін немесе оның бөліктерін ағымдағы балық шаруашылығы мелиорациялауды жүргізу жолымен мұндай қауіпті мүмкін болмаған жағдайларда "Қазақ балық шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Атырау филиалының (келісім бойынша) ғылыми ұсынысы негізінде балықтарды

мелиорациялық аулау туралы шешім қабылдау;

5) құрамына Атырау қаласы және аудандарының әкімдіктері, селолық округтер аппараттарының, Атырау облыстық Жайық-Каспий экология департаментінің (келісім бойынша), "Қазақ балық шаруашылығының ғылыми-зерттеу институты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Атырау филиалының (келісім бойынша) және балық шаруашылығы жауапты субъектілерінің өкілдерін (келісім бойынша) енгізумен тұншығу қаупін болдырмау бойынша жұмыстарды қабылдау жөніндегі комиссияны құру ұсынысын.

3. Балық шаруашылығының жауапты субъектілеріне (келісім бойынша): балық шаруашылығының Даму жоспарында көзделген қаржы қаражатын қоса, өз қаражаты есебінен тұншығу қаупінің туындауын болдырмау бойынша іс-шараларды өткізу;

жануарлардың жаппай ауру және дүлей зілзала кезінде басқа себептер салдарынан қырылу қаупі төнген жағдайлар анықталғанда орналасқан жері бойынша Жайық-Каспий облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясына (келісім бойынша) және Атырау облыстық аумақтық орман және аңшылық шаруашылығы инспекциясына (келісім бойынша) тез арада хабарлау ұсынылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары С.К. Айдарбековке жүктелсін.

5. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2010 жылғы 2 маусымнан бастап пайда болған қатынастарға таратылады.

Облыс әкімі *Б. Рысқалиев*

Облыс әкімдігінің  
2010 жылғы 18 қарашадағы  
№ 296 қаулысымен бекітілген

**2010 жылға облыстың тұншығу қаупі бар су айдындарында жаппай ауыру, дүлей зілзала кезінде және басқа себептер салдарынан қырылу қаупі төнген жағдайларда жануарларға көмек көрсету бойынша облыстың тұншығу қаупі бар су айдындары (учаскелері) мен жауапты балық шаруашылығы субъектілерінің ТІЗБЕСІ**

№ р/с	Тұншығу қаупі бар су айдындарының тізбесі	Балық шаруашылығы жауапты субъектілері
	ЖКОББШИ балық шаруашылығын дамыту және өсіру бөлімінің бақылауындағы су айдындары:	
1	Сасық өзек ерігі	"Жамбыл" ӨК
2	Бірінші сол жақтағы ерік	"Восток" ЖШС
3	Бірінші оң жақтағы ерік	"Жамбыл" ӨК

4	Екінші сол жақтағы ерік	"Ракуша" ӨК
5	Үшінші сол жақтағы ерік	"Атыраубалық" АҚ
6	Үшінші оң жақтағы ерік	"Восток" ЖШС
7	Бесінші оң жақтағы ерік	"Атыраубалық" АҚ
8	Бесінші сол жақтағы ерік	"Восток" ЖШС
9	Бірінші Дамбы тармағы	"Каспий таңы" ӨК
10	Екінші Дамбы тармағы	"Амангелді" ӨК
11	Аралдың қолтықтарын қосқанда Масабай учаскесінің батыс қамысты аймағы	"Восток" ЖШС
12	Аралдың қолтықтарын қосқанда Масабай учаскесінің орталық қамысты аймағы	"Амангелді" ӨК "Жамбыл" ӨК
13	Аралдың қолтықтарын қосқанда Масабай учаскесінің шығыс қамысты аймағы	"Атыраубалық" АҚ
14	Приморский ылғалдандыру жүйесінің арнасы	"Атыраубалық" АҚ "Амангелді" ӨК
15	Приморский ылғалдандыру жүйесінің арнасы, батыс бөлігі	"Ракуша" ӨК "Стандарт" ӨК
16	Приморский ылғалдандыру жүйесінің арнасы, орталық бөлігі	"Атыраубалық" АҚ "Восток" ЖШС
17	Приморский ылғалдандыру жүйесінің арнасы, шығыс бөлігі	"Жемчужина" ЖШС "Каспий таңы" ӨК
ЖКОБЫШИ Балықшы балық инспекциясы бөлімінің бақылауындағы су айдындары:		
18	Золотенок өзеқшесі	"Амангелді" ӨК
19	Бухарка өзеқшесі	"Амангелді" ӨК
20	Зарослый өзеқшесі	"Амангелді" ӨК
21	Митрофан өзегі	"Ракуша" ӨК
22	Қап өзеқ ерігі	"Ракуша" ӨК
23	Тас өзеқ ерігі	"Ракуша" ӨК
ЖКОБЫШИ Жылыой балық инспекциясы бөлімінің бақылауындағы су айдындары:		
24	Вестово-Камынино, Каспий теңізі қамысты жағалау учаскесінің батыс бөлігі	"Амангелді" ӨК "Жамбыл" ӨК
25	Вестово-Камынино, Каспий теңізі қамысты жағалау учаскесінің шығыс бөлігі	"Стандарт" ӨК "Восток" ЖШС
26	Вестово-Камынино, Каспий теңізі қамысты жағалау учаскесінің орталық бөлігі	"Каспий таңы" ӨК "Ракуша" ӨК
27	Ескене кентінің Водхоз арнасы (Ракуша ауданы - Жилая коса), теңіз жиегі қамысты аймағының батыс бөлігі	"Атыраубалық" АҚ "Каспий таңы" ӨК
28	Ескене кентінің Водхоз арнасы (Ракуша ауданы - Жилая коса), теңіз жиегі қамысты аймағының орталық бөлігі	"Амангелді" ӨК "Стандарт" ӨК
29	Ескене кентінің Водхоз арнасы (Ракуша ауданы - Жилая коса), теңіз жиегі қамысты аймағының шығыс бөлігі	"Ракуша" ӨК "Восток" ЖШС
30	Тасшағыл учаскесі (Ембі өзені)	"Қызылбалық" ӨК
31	Ащы-көл көлі	"Қызылбалық" ӨК
32	Қияқ-көл көлі	"Қызылбалық" ӨК

33	Ақ-көл өзені	"Қызылбалық" ӨК
34	Қошқарбай көлі	"Қызылбалық" ӨК
35	Бықылдақты көлі	"Қызылбалық" ӨК
36	Қараша-көл	"Қызылбалық" ӨК
37	Ардабай көл	"Қызылбалық" ӨК
38	Қызыл-Жар көл	"Қызылбалық" ӨК
39	Жилая Коса	"Қызылбалық" ӨК
40	Тілепберген	"Восток" ЖШС
ЖКОББШИ Атырау балық инспекциясы бөлімінің бақылауындағы су айдындары:		
41	Қара өзекше	"Стандарт" ӨК
42	Қызыл-Жар жайылымы	"Амангелді" ӨК
ЖКОББШИ Исатай балық инспекциясы бөлімінің бақылауындағы су айдындары:		
43	Березин учаскесі	"Атыраубалық" АҚ
44	Қарабөлек учаскесі	"Амангелді" ӨК
45	Көк-Арна учаскесі	"Амангелді" ӨК
46	Бәкөн-қоса	"Атыраубалық" АҚ
47	Мәжит Жыра учаскесі	"Ракуша" ӨК
48	Дөңгелек	"Ракуша" ӨК
49	Досберген	"Ракуша" ӨК
50	Шағала	"Ракуша" ӨК
51	Мартыши – шығыс бөлігі	"Восток" ЖШС
52	Мартыши – батыс бөлігі	"Атыраубалық" АҚ
ЖКОББШИ Индер балық инспекциясы бөлімінің бақылауындағы су айдындары:		
53	Кіші Елтай өзбойы	"Қызылбалық" ӨК
54	Үлкен Елтай өзбойы	"Қызылбалық" ӨК
55	Қызыл-Жар көлі	"Стандарт" ӨК
56	Разбойное көлі	"Стандарт" ӨК
57	Қарағаш көлі	"Стандарт" ӨК
58	6 ауыл өзбойы	"Стандарт" ӨК
59	Бирючий көлі	"Стандарт" ӨК
60	Тартүбек өзбойы	"Стандарт" ӨК
61	Добия көлі	"Амангелді" ӨК
62	Редянка өзбойы	"Амангелді" ӨК
63	Қарт Жайық өзбойы	"Амангелді" ӨК
64	Қызыл-Жар көлі	"Амангелді" ӨК
65	Молымбет көлі	"Амангелды" ӨК
66	Аксерке өзбойы	"Амангелді" ӨК
ЖКОББШИ Махамбет балық инспекциясы бөлімінің бақылауындағы су айдындары:		
67	Сорочинка өзбойы	"Восток" ЖШС
68	8 ауыл өзбойы	"Жемчужина" ЖШС
69	9 ауыл өзбойы	"Жемчужина" ЖШС

70	11 ауыл өзбойы	"Восток" ЖШС
71	12 ауыл өзбойы	"Жемчужина" ЖШС
72	13 ауыл өзбойы	"Жемчужина" ЖШС
73	15 ауыл өзбойы	"Жемчужина" ЖШС
74	Сборный өзбойы	"Жемчужина" ЖШС
75	Глухой өзбойы	"Жемчужина" ЖШС
76	Бақсай арнасы	"Жемчужина" ЖШС
77	Сборный арнасы	"Каспий таңы" ӨК
78	Нарын арнасы	"Ракуша" ӨК
79	Жалғансай арнасы	"Ракуша" ӨК
80	Қызыл-Жар өзбойы	"Жемчужина" ЖШС
81	Бақсай өзбойы	"Каспий таңы" ӨК
82	Гагушкино өзбойы	"Жемчужина" ЖШС
83	Петрушкино өзбойы	"Жемчужина" ЖШС
84	Төлеп Қарасу көлі	"Жемчужина" ЖШС
85	Ұлышығанақ өзбойы	"Жемчужина" ЖШС
86	Безымянная өзбойы	"Жемчужина" ЖШС
87	Қоржым өзбойы	"Восток" ЖШС
88	Алмағамбет өзбойы	"Восток" ЖШС
89	Аспа өзбойы	"Восток" ЖШС
ЖКОБЫШИ Құрманғазы балық инспекциясы бөлімінің бақылауындағы су айдындары:		
90	Павлов ерігі	"Каспий таңы" ӨК
91	Калмычек ерігі	"Каспий таңы" ӨК
92	Шағырлы ерігі	"Каспий таңы" ӨК
93	Жарқоса балық өткелі арнасы	"Ақсу Қиғаш" ЖШС
94	70 шақырымнан бастап 150 шақырымға дейінгі Ганюшкин балық өткелі арнасы	"Ақсу Қиғаш" ЖШС
95	Конево-Дружино ерігі	"Ақсу Қиғаш" ЖШС
96	Қаракөл-Көкарна-Қарабөлек ылғалдандыру арнасы	"Ақсу Қиғаш" ЖШС
97	Красный ерігі	"Ақсу Қиғаш" ЖШС
98	Б. Красиловка ерігі	"Каспийбалық" ӨК
99	Кадырқа ерігі	"Каспийбалық" ӨК
100	Көкарна Кобяково ерігі	"Каспийбалық" ӨК
101	Аршын	"Ш.Сүлейменов ЛТД" ЖШС
102	Красный ерігі	"Ш.Сүлейменов ЛТД" ЖШС
103	Кобяково-Забурын ылғалдандыру арнасы	"Ш.Сүлейменов ЛТД" ЖШС
104	Телячинский ерігі	"Е.Сәрсенбаев" ШҚ
105	Каспарскин ерігі	"Е.Сәрсенбаев" ШҚ

Әріптік қысқартулардың толық жазылуы:

АҚ – акционерлік қоғам;

ӨК – өндірістік кооператив;

ЖШС – жауапкершілігі шектеулі серіктестік;

ШҚ – шаруа қожалығы;

ЖКОББШИ – Жайық-Каспий облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК